



**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Педагогика және психология  
институты  
Бастауыш білім беру кафедрасы**



**Ақпараттық хат**

**Құрметті студенттер!**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Бастауыш білім беру кафедрасы Сіздерді «Мұғалім – көпмәдениетті әлемде» атты халықаралық комикстер байқауына қатысуға шақырады.

**Байқаудың мақсаты** – студенттерді түпнұсқа комикстер жасауға ынталандыру, педагогикалық мамандықтардың дарынды, шығармашыл студенттерін анықтау, сондай-ақ 2030 ТДБ қол жеткізу үшін Қазақстанның білім беру жүйесінде ТДМ-ны насихаттау және тарату.

**Байқауды өткізу мерзімі.**

Комикстер байқауы белгіленген мерзімде өткізіледі: материалдарды қабылдаудың басталуы – 2024 жылғы 1 ақпан, материалдарды қабылдаудың аяқталуы – 2024 жылғы 31 наурыз.

Конкурсқа белгіленген мерзімдерден кеш ұсынылған материалдар қарауға қабылданбайды.

**Байқау номинациялары.**

Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

- «Үздік білім беру комиксі»: оқушыларды жақсы оқытатын және шабыттандыратын комикстер.
- «Ең креативті Оқу материалы»: комикстер арқылы оқытудың ең ерекше және инновациялық тәсілі үшін номинация.
- «Сыныптағы батыр» балаларды шабыттандыратын басты кейіпкер ретінде тәрбиеші болатын комикстер.
- «Бастауыш мектеп пәндері бойынша үздік комикс» әр түрлі оқу пәндеріне бағытталған комикстерге арнайы жеке номинациясы.
- «Үздік дизайндағы Комикс» көрнекі тартымдылығы мен безендірудің көркемділігі үшін номинация.
- «Интерактивті комикс» тапсырмалар немесе викториналар сияқты интерактивті элементтерді қамтитын комикстер үшін.
- «Әлеуметтік дағдыларды дамытуға арналған ең жақсы комикс» балалардағы эмоционалды интеллект пен әлеуметтік дағдыларды дамытуға ықпал ететін комикстер номинациясы.
- «Шабыттандыратын оқиға» ең ынталандыратын және шабыттандыратын тарихы бар комикстер.
- «Жаңашыл Комикс» оқытудың және оқушылармен өзара әрекеттесудің инновациялық әдістерін көрсететін комикстер.

### **Байқау шарттары.**

1. Байқауға қатысуға студенттердің өздері жасаған және ойлап тапқан, сондай-ақ бұрын білім беру мекемелерінің сайттарында немесе жеке блогында орналастырылмаған комикстер жіберіледі.
2. Конкурстық материалдардың авторлығы Антиплагиат жүйеде тексеріледі.
3. Конкурстық жұмыстың басында (конкурстық материалдармен бір файлда) келесі ақпарат орналастырылады:
  - конкурсқа қатысушының аты-жөні;
  - білім беру мекемесінің ресми атауы, қатысушының оқу орны;
  - жетекшінің аты-жөні (егер жұмыс оқытушының басшылығымен орындалса);
  - комикс атауы;
  - қатысушының байланыс ақпараты (пошталық және электрондық мекенжайлар, телефондар).
4. Құжаттың және барлық қосымшалардың атауында автордың аты-жөні көрсетіледі.
5. Қатысу тілі: орыс, ағылшын, қазақ.

### **Конкурстық**

#### **жұмыстарды ресімдеуге қойылатын талаптар**

1. Барлық материалдар құжат түрінде ұсынылуы керек және сюжеттік мазмұны бар комиксті қамтуы керек. Комиксте болашақтың ғылыми қоғамдастығының мазмұнды, өзекті, мағыналы ақпараты бар табиғи-коммуникативті жағдайлары көрсетілуі керек.
2. Комикс файлы «PDF»форматында сақталуы керек.
3. Комикстер жасау кезінде қатысушылар келесі платформаларды пайдалана алады:
  - 1) «Pixton»- платформаға сілтеме: <https://app.pixton.com/>
  - 2) «Storyboard» - платформаға сілтеме: <https://www.storyboardthat.com/>
  - 3) «ToonyTool» – платформаға сілтеме: <https://www.toonytool.com/>

#### **Конкурстық материалдарды бағалау.**

Конкурстық материалдарды бағалауды қазылар алқасы жүзеге асырады, оның құрамына бастауыш білім беру кафедрасының ПОҚ және басқа серіктес жоғары оқу орындарының сарапшылары кіреді.

Конкурстық материалдарды бағалау кезінде келесі критерийлер пайдаланылады:

- идеяның өзіндік ерекшелігі;
- ұсынылған материалдардың өзектілігі;
- практикалық маңыздылығы (оқу процесінде пайдалану мүмкіндігі).

**Жеңімпаздарды анықтау.** Конкурстың қорытындысын шығару әрбір мәлімделген номинация бойынша жүзеге асырылады.

Әр номинация бойынша конкурс жеңімпаздары электронды түрде жіберілетін дипломдармен марапатталады.

Байқау жеңімпаздары туралы ақпарат университеттің сайтында және кафедраның әлеуметтік желілерінде орналастырылады.

Байқау жеңімпаздары мен қатысушыларының үздік жұмыстары жинақта жарияланады.

**Конкурстық материалдарды жіберу мекенжайы.** Материалдар автор (авторлар) туралы ақпаратпен бірге электрондық түрде келесі мекенжайға жіберіледі [adlet.kari@mail.ru](mailto:adlet.kari@mail.ru). Хаттың тақырыбы «Комикстер байқауы» деп белгіленуі қажет.

Конкурсты ұйымдастыруға және өткізуге жауапты: п.ғ.к., аға оқытушы Қариев Адлет  
Дюсембаевич, +7 747-064-34-15